

СӨЙЛЕУ ДАҒДЫСЫН МЕНГЕРТУДІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

С.Б.Жораева

М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ.

Елімізде оқыту процесі барысында оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу құбылыстарын қатар алып жүру қалыптасқан. Бұл дәстүр қазақ педагогикасының іргесін қалаушы Ы.Алтынсариннен басталған. Себебі, оның шығармаларында тапсырмалар тек оқыту мақсатын ғана көздеген жоқ, оқушыларды тәрбиелеу ісіне де ат салысты. Оның еңбектерінде балаларды мейірімділікке, ұқыптылыққа, ізгілікке шақыратын әңгімелер мен өлеңдер көптеп кездеседі [1].

Адам баласымен бірге жасасып, бірге өмір сүріп келе жатқан қоғамның қажетті және тұрақты функциясының бірі – тәрбие. Ол әр түрлі тарихи – экономикалық формацияларға байланысты әр елде тәрбиенің мақсаты мен міндеті сол елдің нақты талаптарына сай кейбір өзгерістерге ұшырағанымен тәрбиенің негізгі мақсаты – жас ұрпақты өмірге дайындау. Оған өз халқының ғасырлар бойы жасап, қалыптастырған әлеуметтік тәжірибелерін үйрету негізін қоса сақтап келеді. Олай болса, тәрбие – мәңгілік нәрсе. Бірақ оған қарамастан тәрбие әрдайым толықтырып, жаңарып отыруды, тіпті басқа халықтардың тәрбиелік тәжірибелерін де үйренуді, менгеруді талап етеді. Ал, оны тар шеңберде қалдырып қоймай озық тәжірибеге, ғылымға сүйеніп құру, жетілдіру, дамыту – маңызды міндеттердің бірі.

Әрбір халықтың мәдени-рухани қазынасы өскелең буынға білім беріп, оларды тәрбиелеуде орасан зор тағылымдық маңызы болатынын заманымыздың ғұлама ғалымдары жақсы түсінген. Осыған орай әлемдік ой-сананың асқар биігіне көтерілген М.Жұмабаев «... тәрбиеші баланы сол ұлттың тәрбиесімен тәрбие қысуға міндетті» деген. Бүгінде сол кезде айтылған ой-пікірдің өзектілігі, өткірлілігі әлі мәнін жоймағанына, қайта ауыр сыннан өтіп, әлеуметтік-педагогикалық маңызы артып отырғанына көзіміз жетті. Сонымен қатар, ол жалпы педагогиканың екі түрлі тәрбие мәселесін қарастыратынын айтқан. Оның біріншісі - дене тәрбиесі, екіншісі - жан тәрбиесі.

Дене тәрбиесі қозғалыс негізінде қалыптасса, жан тәрбиесін тәрбиелеу үшін тәрбиешінің ықпалы зор екендігін былайша атап көрсеткен: «Бастапқы кезде жөппенді білінбейтін балаңыз жан тұрмысы бала өскен сайын бірте-бірте біліне бастайды. Сондықтан, баланың дене тәрбиесі мен жан тәрбиесін қатар алып бару керек. Қатар алып бару емес, бала өскен сайын тәрбиеші күшінің көбін балаңыз жан тәрбиесіне жұмсай беруге міндетті. Тегінде берік ұғу керек, адамның қымбат нәрсесі де, жұмбақ нәрсесі де сол жан. Қиын тәрбие тілсөйтін де сол жан. Жанды дұрыс тәрбие қылу үшін жанның жайын баяндайтын ғылыммен таныс болу керек» [2].

С.Рахметованың «Қазақ тілін оқыту методикасы» атты оқулығында бастауыш мектептердегі оқу сабақтарының мақсаты деп төмендегідей мәселерді атайды:

1. Идеялық-саяси, адамгершілік және эстетикалық тәрбие беру.
2. Дүниеге дұрыс көзқарас қалыптастыру.
3. Балаларды, жас өспірімдер мен үлкендердің үлгілі, ерлік істерімен, еңбектерімен таныстыру арқылы қоғам игілігіне адал ниетпен еңбек етуге, адамгершілікке, бірін-бірі сыйлаушылыққа, адалдық пен шыншылдыққа, кішіпейіл болуға тәрбиелеу.
4. Отанымыздың мейлінше бай, көркем де сұлу табиғаты жайлы материалдармен танысу арқылы табиғатта кездесетін өзгерістер мен құбылыстарды байқай біліп, теңдесі жоқ сұлулық пен көркемдікті бағалай білуге, елін, жерін қадір тұтып, сүюге тәрбиелеу.
5. Балалардың алған білімдері мен оқу дағдыларын, шеберліктерін жетілдіру, тілін онан әрі дамыта түсу.
6. Халықтардың бостандық, бейбітшілік үшін жүргізген қаармандық күрестерімен таныстыра отырып, Отанды сүю, бейбітшілік пен халықтар достығы рухын қалыптастыру.

...салы тәртіпке, дұрыс мінез-құлық нормаларына үйрету.

...Еңбекке қызығу, еңбекқорлыққа тәрбиелеу [3].

Бастауып мектептің оқу сабақтарына қойған бұл талаптар жоғары оқу бағдарында өтілетін қазақ тілі сабағында да негізге алынады. Аталған оқу сабағының мақсатында көрсетілген тәрбиелік мәні бар тақырыпта салт-сананың, ұлттық дәстүріміз, отбасы, достық, адамгершілік, адам баласының мінез-құлқы, әсемдік пен сұлулық туралы мағлұмат беруді көздейтін, тәрбиелейтін мақал-мәтелдер таңдалып іріктелді.

Ж.Б.Қоянбаев, Р.М.Қоянбаевтар мектепте тәрбиенің басты міндеттері – теориялық білімді экологиялық біліммен қаруландыру, кәсіптік бағдар беруге тәрбиелеу. Олай болса, тәрбие бағдарында адамгершілік тәрбиеге тікелей қатысы бар адамдар, ұйымдар мен мекемелер тәрбиенің басты міндеттері мен мақсатын жете түсінуі қажет. Осыған орай, тәрбиенің негізгі мақсаттары:

1. Оқушылардың дүниеге ғылыми-материалистік көзқарасын қалыптастыру;

2. Оқушының рухани және дене қабілеттерін жан-жақты дамытып, эстетикалық талғамдары мен қабілеттерін қоғамның талаптарына сай тәрбиелеу, - деп көрсетеді [4].

Ж.Аймауытов тәрбие мақсаттары адамды қай жағынан тәрбиелеу керек болса, сол жағынан анықталады деген пікір айтады.

Тәрбиенің мақсаты – денені күшейтіп, ұлтшыл қылу болса, мұның жақсы жағы да, жамаан болуы керек. Жақсы жағы: Бір халықтың ұлтшыл адамдары көбейсе, өзі көркейеді. Денсаулық бақытты болса, сол бақыт сол ұлттың ішіндегі адамдарына да ортақ.

Баланы бұзуға, түзеуге себеп болатын бір шарт жас күнде көрген өнеге, ол өнеге тәрбиенің тәрбиесі болуы керек. Ата-ананың берген тәрбиесі – баланың мінезі қаланған нәрсе [5]. Ақыл-ой тәрбиесі оқыту және оқудан тыс сан алуан жұмыс процесінде жүзеге келеді. Олай болса, оқыту ақыл-ой тәрбиесінде жетекші рөл атқарады. Сөз тіркесін оқыту процесінде қолданылған жаттығулар жүйесі, көрнекіліктер, тестілер, қойылған проблемалық сұрақтар т.б. оқушының ақыл-ой тәрбиесін дамытуды көздейді. Мәселен, тапсырманы алайық:

1-тапсырма. Сөздерді оқып шығып оларды мағыналарына қарай екі топқа бөліңдер. Қызық, аземі, қорқақ, сужүрек, көркем, келбетті.

2-тапсырма. Берілген сөйлемдерде қате жоқ па? Тексеріңдер.

Мен күлме бардым. Мен шілдеде бардым. Наурызда күн жылы болады. Қантарда күн ыстық болады.

3-тапсырма. Досыңа жақсы мінездерін айт.

4-тапсырма. Онынан да терісінен де оқығанда бір мағына беретін сөздерді ойлап тап.

Мағалас: нан, ата, ана, қақ, шаш, қазақ т.б.

Логикалық ойлауын дамытып және сенімдерін қалыптастыруды тәрбиелеуде сөз құрау, сөз тіркесі мен оған ұқсас тұлғалардың айырмашылығы және ұқсастықтарын айту тәрізді жұмыстар пайдалы.

Ақыл-ойының сыншылдығын өрістетуді тәрбиелеуде пікірсайыс түрінде өткен тақырыптың рөлі ерекше.

Оқыту процесіндегі ақыл-ой тәрбиесінің міндеттері өте күрделі. Олар оқу процесінде жүйелі түрде іріктеуді қажет етеді. Сондай-ақ, білімді меңгеру процесінде оқушылардың ойларын жандандыра түсуде қолданылатын жұмыстар да ұтымды әдіс-тәсілдерді пайдалануды керек етеді.

Оқушыларға адамгершілік тәрбие беру – мектептің маңызды міндеттерінің бірі. Адамгершілікке тәрбиелеу – баланың жеке басын қалыптастыру мен дамытудың аса маңызды саласы. Ол ата-анаға, айналадағыларға, ұжымға, өмір сүріп отырған ортасына, қоғамға, еңбекке, өзінің жеке басына қатынасын қалыптастырады. Осыларды шешу үшін адамгершілік қасиеттерді дәрiптeйтiн жұмыстар жүргiзiлдi.

Адамның адамгершілік жағынан қалыптасуы оның туған күнінен басталады да мектепке келгенде олардың бастапқы адамгершілік сезімдері мен ұғымдары, адамшылық мінез-құлқының ең қарапайым дағдылары қалыптасады.

Ұлы Абай отыз екінші қара сөзінде: «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек: әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшіншісі – залымдық»

деп білесің. Надаңдық - білім - ғылымың жоқтығы, дүниеден ешнәрсені оларсыз біліп болмайды.

Білімсіздік – хайуандық болады.

Еріншектік – күллі дүниенің, өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады.

Залымдық - адам баласының дұшпаны. Адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртқыш хайуан қалыбына қосылады», - деді.

Оқушылардың өзіндік қасиеттерін қалыптастырудағы міндеттердің бірі – оның адамгершілік ұғымдары мен түсініктерін жетілдіру. Балалардың бұларды меңгеру дәрежесі түрліше. Ол баланың жалпы жетілуіне, өмір тәжірибесіне байланысты.

Бұл орайда, тағы да оқу процесінің рөлі зор. Бала кітапті немесе қосымша пайдаланылған мәтіндерді оқи отырып, өмірмен, табиғатпен, адамдардың еңбегімен танысады. Көркем сөз баланы қанаттандырады, жақсы болуға, қандай да бір жақсылық жасауға құштарландырады. Адамдық өзара қарым-қатынастарды түсінуге, мінез-құлқық ережелерімен танысуға көмектеседі.

Оқушылардың адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу үшін халқының классик ақын, жазушыларының еңбектерінен үзінділер түрінде алынған тапсырмалардың пайдасы зор.

1-тапсырма. Мәтінді оқып шығындар, мәтін туралы түсініктеріңді жазындар.

2-тапсырма. Мәтіннен дауысты, дауыссыз дыбыстарды тауып астын сызындар, дауысты дыбыстардың астын бір сызықпен, дауыссыз дыбыстардың астын екі сызықпен сызындар.

3-тапсырма. Әдеп туралы өзін не айтар едің?

Бастауып мектеп оқушылығының сөйлеу дағдысын қалыптастыру жұмыстарында халықтың інжу-маржандары мақал-мәтелдерді ұғындыру, түсіндіру оқушылардың халқына құрметпен қарау, сыйласу сезімін тудырды.

«Жер – ырысғың кіндігі» сияқты мақал-мәтелдерден халықтың табиғатқа деген сезімі, аялы алақаны сезілетінін түсіндіру арқылы оқушылардың жерді ортақ мекен, Қазақстанды ортақ Отан деп жақсы көру сезімі, ортақ үй мен елдің табиғатына деген жауапкершілік сезімі секілді қасиеттері дамытылады «Ата көрген оқ жонар, Ана көрген тон пішер», деген ұлағатты сөз де бекер айтылмаған. Бұл мысалдан арғы ата-бабаларымыз ұлдарын өзіндей жауынгер, еңбексүйгіш, күйші, аңшы сияқты азамат етіп тәрбиелеуді алдына мақсат етіп қойғандығын байқалады.

Қорыта айтқанда, оқушыларға тәрбиелік мәні зор мәтіндер беру арқылы оларды ізгілікке, мейірімділікке тәрбиелей аламыз.

Оқушыларға талап қоя білу, оның нәтижесін қадағалау – мінезін тәрбиелеудегі басты әдістердің бірі. Өйткені, оқушыға тиісті талап қойылмаса, тапсырылған іс қадағаланбаса, берекесіздік туады. Балаға кішкентай кезінен бастап түрлі талаптар қойып, міндеттер жүктеп отыру оны жауапкершілікке, өзінің борышын түсіне білуге тәрбиелейді.

Әдебиет

- 1 Алтынсарин БІ. Таңдамалы шығармалары. -Алматы, 1999.
- 2 Жұмабаев М. Педагогика. – Алма-Ата: Ана тілі, 1992. -160 б.
- 3 Қоянбаев Ж., Қоянбаев Р. Педагогика. -Астана: ЕҰУ, 1998. -378 б.
- 4 Педагогика. - М.:Пед. общества России, 2002. -С.640.
- 5 Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері.- Алматы: Рауан, 1991. -256 б.

Резюме

В данной статье большое внимание автор уделяет воспитательному значению при выработке речевых навыков у младших школьников на уроках казахского языка.

Summary

In this article the author pays much attention to the educational means of creating junior students' speaking skills at the kazakh language classess.